

Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 72 бұйрығы.
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 9 желтоқсанда № 9946 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.12.2017 № 395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 2-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.12.2017 № 395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Өңірлік саясат және жергілікті өзін өзі басқаруды дамыту департаменті (С.Тұңғышбеков):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика вице-министрі Қ.А. Өскенбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр	Е. Досаев
---------	-----------

	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің
--	--

Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету қағидалары

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.12.2017 № 395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес әзірленді, ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға (бұдан әрі – мамандар) бюджет қаражаты есебінен көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну шарттары мен тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.12.2017 № 395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Заңның 18-бабының 8-тармағында көрсетілген мамандарға көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау көрсетіледі.

3. Бюджеттік кредиттер облыстардың жергілікті атқарушы органдарына мынадай талаптарда:

ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандардың тұрғын үй сатып алуы немесе салуы үшін оларға кейіннен теңгемен 15 (он бес) жылға дейінгі мерзімге жылдық 0,01 % мөлшеріндегі сыйақы мөлшерлемесі бойынша бере отырып кредиттік шарттар жасасу арқылы беріледі;

кредиттерді игеру кезеңі кредитордың шотынан кредиттер аударылған сәттен бастап есептеледі және 22 (жиырма екі) айды құрайды.

4. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті өкілді органы (мәслихат), аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі мәлімдеген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға қажеттілікті ескере отырып, жыл сайын мамандарға көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін бюджеттік кредит беру туралы шешім қабылдайды.

4-1. Мамандарға көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит беру тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына сәйкес бөлінген сома шегінде жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағида 4-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.12.2017 № 395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету бойынша жұмысты ұйымдастыру үшін аудан (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдігі аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) мәслихаттың депутаттарынан, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) атқарушы органдарының және қоғамдық ұйымдардың өкілдерінен тұратын, тұрақты жұмыс істейтін комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрады.

Комиссияның отырысы қажеттілігіне қарай шақырылады және құрамына кіретін мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, жиналыс заңды болып саналады.

6. Ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) уәкілетті орган комиссияның жұмыс органы болып табылады (бұдан әрі – Әкімші).

7. Денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандар үшін тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит беру сенім білдірілген өкілмен (агентпен) шарт болған жағдайда жүзеге асырылады.

Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мамандарға тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін кредит беру жөніндегі бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша сенім білдірілген өкілмен (агентпен) тапсырыс шартын жасасады.

Бюджеттік заңнамаға сәйкес сенім білдірілген өкілдің (агенттің) мамандарға тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін кредит беру жөніндегі бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша операциялық қызметтеріне арналған шығындарды өтеу үшін қаражат жалпы сипаттағы трансферттер және/немесе жергілікті бюджет шеңберінде көзделеді.

8. Әлеуметтік қолдау шараларын алу үшін маман әкімшіге мынадай құжаттарды ұсынады:

1) көтерме жәрдемақы алған кезде:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

жаңа жұмыс орны бойынша кадр қызметі растаған еңбек кітапшасының көшірмесі;

білімі туралы дипломының көшірмесі;

көші-қон қызметінен алдыңғы тіркелген жері туралы мәліметтер;

тиісті елді мекенде тұратындығын растайтын тұрғылықты жерінен мекенжай анықтамасы;

2) көтерме жәрдемақыны және тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит алған кезде;

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

жаңа жұмыс орны бойынша кадр қызметі растаған еңбек кітапшасының көшірмесі;

білімі туралы дипломының көшірмесі;

сатып алынатын жылжымайтын мүлікті бағалау актісі;

көші-қон қызметінен алдыңғы тіркелген жері туралы мәліметтер;

тиісті елді мекенде тұратындығын растайтын тұрғылықты жерінен мекенжай анықтамасы;

неке туралы куәлік көшірмесі (некеде тұрған мамандар үшін);

аталған ауылдық елді мекенде маманның, оның жұбайының және балаларының жылжымайтын мүлкінің болмауы (болуы) туралы анықтама;

3) көтерме жәрдемақы және тұрғын үй салуға бюджеттік кредит алған кезде:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

жаңа жұмыс орны бойынша кадр қызметі растаған еңбек кітапшасының көшірмесі;

білімі туралы дипломының көшірмесі;

көші-қон қызметінен алдыңғы тіркелген жері туралы мәліметтер;

тиісті елді мекенде тұратындығын растайтын тұрғылықты жерінен мекенжай анықтамасы;

неке туралы куәлік көшірмесі (некеде тұрған мамандар үшін);

аталған ауылдық елді мекенде маманның, оның жұбайының және балаларының жылжымайтын мүлкінің болмауы (болуы) туралы анықтама;

маманның атына тұрғын үй салу үшін берілген жер учаскесін пайдалану құқығына акт;

кепілге қойылған мүлікті бағалау актісі;

кепілге қойылған мүлікті сақтандыру шарты;

берілетін кредит мөлшерінен асатын тұрғын үй құрылысы бөлігін бірлесіп қаржыландыруға жазбаша келісім.

Құжаттар салыстыру үшін түпнұсқада және көшірме түрінде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқасы маманға қайтарылады.

Осы Қағидаларда көзделмеген басқа да құжаттарды ұсынуды талап етуге жол берілмейді.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.09.2015 № 637 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-1. Маман немесе нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілі әлеуметтік қолдау шараларын алу үшін жүгінген кезде осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды қабылдау, сондай-ақ баламалы негізде әлеуметтік қолдау шараларын көрсету (бас тарту) туралы хабарламаны алу "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" комерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағида 8-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.12.2017 № 395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Әкімші әлеуметтік қолдау шараларын алуға үміткер мамандардың құжаттарын қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады, ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексереді, қаржы қаражатының қажеттілігін есептеуді жүргізеді және құжаттарды қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде комиссияға жібереді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.12.2017 № 395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Комиссия Әкімшіден құжаттар келіп түскен күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарды қарайды және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігіне маманға әлеуметтік қолдау шараларын көрсетуге ұсыным жасайды.

Әлеуметтік қолдау шараларын көрсетуден бас тартылған жағдайда, Әкімші комиссияның ұсынысы түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде:

маманға (егер маман құжаттарды Әкімшіге тапсырса);

Мемлекеттік корпорацияға (егер маман құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы тапсырса) әлеуметтік қолдау шараларын беруден бас тарту туралы дәлелді жауап жолдайды.

Маман осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, Әкімші немесе Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат (бұдан әрі – Қолхат) береді.

Қолхат Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан екі данада жасалады.

Маман осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын және (немесе) оларда қамтылған деректерді (мәліметтерді) дұрыс және (немесе) толық ұсынбаған, сонымен қатар маман Заңның 18-бабы 8-тармағының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда Әкімші мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.12.2017 № 395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10-1. Мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету үшін бюджет қаражаты жетіспеген жағдайда, Комиссия аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігіне әлеуметтік қолдау шараларын алушы үміткерлердің қатарынан мамандардың өтініш берген күні бойынша кезектілікті қалыптастыру жолымен әлеуметтік қолдау шараларын беруді тоқтатуға ұсыным жасайды.

Әлеуметтік қолдау шараларын алуға кезекте тұрған мамандардың құжаттарын қайта қарау мерзімін Әкімші белгілейді және ол бір жылдан артық болмайды.

Әкімші әлеуметтік қолдау шараларын беру мерзімін тоқтату туралы хабарламаны:

маманға (егер маман құжаттарды Әкімшіге тапсырса);

Мемлекеттік корпорацияға (егер маман құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы тапсырса) жолдайды.

Ескерту. Қағида 10-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.12.2017 № 395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі комиссияның ұсынымы келіп түскен сәттен бастап жеті жұмыс күні ішінде мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету және/немесе мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын алуға есепке және кезекке қою туралы қаулы қабылдайды.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.12.2017 № 395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген қаулы қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде Әкімші, маман және сенім білдірілген өкіл (агент) арасында осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) жасалады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.12.2017 № 395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Келісім жасалғаннан кейін:

1) Әкімші бес жұмыс күні ішінде көтерме жәрдемақы сомасын мамандардың жеке есеп шоттарына аударады;

2) сенім білдірілген өкіл (агент) жиырма бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен маманға тұрғын үй сатып алуға немесе салуға кредит береді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.12.2017 № 395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Маманның кредит бойынша міндеттемелерді орындауы:

1) ол сатып алған тұрғын үйді кепілге қоюмен;

2) салынған тұрғын үйді кейіннен кепілге қоюмен өзге жылжымайтын өтімді мүлікпен қамтамасыз етіледі.

15. Тұрғын үйді сатып алу және салу үшін бюджеттік кредиттерді беру, өтеу және қызмет көрсету бойынша қосымша шарттар кредиттік шартта белгіленеді.

16. Қайталама нарықта тұрғын үйді сатып алу-сату шарты немесе салынған тұрғын үйді пайдалануға беру актісі тұрғын үй сатып алуға немесе салуға арналған бюджеттік кредит сомасын мақсатты пайдалануды растау болып табылады.

17. Бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылуын бақылау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

18. Тұрғын үй салу үшін бюджеттік кредит беруге маман әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы өтінішпен және осы Қағидалардың 8-тармағының талаптарына сәйкес құжаттардың толық тізбесімен Әкімшіге жүгінеді.

19. Маманның тұрғын үй салу үшін бюджеттік кредит беру туралы өтінішін қарау тәртібі осы Қағидалардың 9- 10-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі комиссиядан ұсыным келіп түскен сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде маманға мынадай шарттарды ескере отырып, тұрғын үйлердің үлгілік жобаларының нұсқаларын ұсынады:

1) тұрғын үйдің бір шаршы метрінің құны қырық алты айлық есептік көрсеткіштен аспайды;

2) тұрғын үй құрылысының жалпы сметалық құны берілетін кредиттің екі еселік мөлшерінен аспауға тиіс;

3) тұрғын үй құрылысының ең ұзақ мерзімі кредит берген сәттен бастап он екі айдан аспауға тиіс.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.12.2017 № 395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Маман үлгілік жобалардың ұсынылған нұсқаларымен жазбаша түрде келіскен жағдайда аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі келісім алған сәттен бастап төрт жұмыс күні ішінде тұрғын үй салуға бюджеттік кредит беру туралы қаулы қабылдайды.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.12.2017 № 395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Осы Қағидалардың 21-тармағында көрсетілген қаулы қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде Әкімші, маман және сенім білдірілген өкіл (агент) арасында Келісім жасалады.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.12.2017 № 395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Тұрғын үй салу үшін бюджеттік кредит беру осы Қағидалардың 13- 15-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

24. Сона банктік шотқа аударылғаннан кейін маман кемінде он жұмыс күнінен бұрын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауды жүзеге асыратын органдарға тұрғын үй құрылысының басталғаны туралы хабарлайды.

25. Құрылыс аяқталғаннан кейін маман Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тұрғын үйді пайдалануға беруді жүзеге асырады.

26. Маман салған тұрғын үй пайдалануға берілгеннен және оны ғимараттарды, құрылыстар мен (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық тексеруді жүзеге асыратын ұйымға тіркелгеннен кейін тараптардың келісімі бойынша салынған тұрғын үйге бұрын берілген кепілді ауыстыру мүмкін.

	Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету қағидаларына 1-қосымша
	Нысан

	облысы

	ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі

	тегі, аты-жөні

	мекенжайы бойынша тұратын

	жұмыс орны, лауазымы

	өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (бұдан әрі -Т.А.Ә.)

Өтініш

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.12.2017 № 395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Сізден Келісімде (қоса беріледі) көрсетілген мөлшерде және шарттарда маған көтерме

жәрдемақы төлеуіңізді және/немесе тұрғын үй сатып алуға/салуға (қажеттісін сызу)

бюджеттік кредит ресімдеуге құқық беруіңізді сұраймын.

күні қолы

Құжаттар қабылданды:

20__ жылғы "___" _____

қолы құжаттарды қабылдаған лауазымды тұлғаның Т.А.Ә.

(кесу сызығы)

Өзгерістер туындаған жағдайда, олар туралы 15 жұмыс күн ішінде хабарлауға

міндеттенемін. Дұрыс емес мәліметтер және/немесе жасанды құжаттар бергенім үшін жауапкершілік туралы ескертілдім.

Азамат _____ өтініші қоса берілген саны _____ дана құжаттармен бірге

20__жылғы " __ " _____ қабылданды.

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді

пайдалануға келісемін.

_____ қолы _____ құжаттарды қабылдаған лауазымды тұлғаның Т.А.Ә.

	Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету қағидаларына 2-қосымша
	Нысан

Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету туралы келісім

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.12.2017 № 395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Елді мекен _____ 20 __ жылғы " __ " _____

Бұдан әрі "Әкімші" деп аталатын " _____ " мемлекеттік мекемесі

атынан басшы _____ бір тараптан, бұдан әрі "Алушы" деп

аталатын әлеуметтік көмек алушы _____, екінші тараптан және бұдан

әрі "Сенім білдірілген өкіл (агент)" деп аталатын _____ үшінші

тараптан төмендегілер туралы осы Өзара міндеттемелер келісімін жасасты:

1. Келісімнің мәні

Тараптар өзара жауапкершілікті және келісімді ескере отырып, ешқандай тараптан мәжбүр етілмей тараптар толық көлемде орындауы тиіс міндеттемелер қабылдайды, атап айтқанда:

1.1 Әкімші, _____ мәслихатының (20 __ жылғы " __ " _____ № _____) шешімінің негізінде өзіне мынадай:

1) _____ теңге мөлшерінде көтерме жәрдемақы;

2) __ жыл мерзімге _____ теңге сомасында тұрғын үй сатып алуға/салуға бюджеттік кредит түріндегі әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну міндеттемелерін қабылдайды.

1.2 Алушы өзіне жоғарыда көрсетілген әлеуметтік қолдау шараларын алған кезде _____ ауылдық елді мекенінде орналасқан (денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, агроөнеркәсіптік кешен) ұйымында кемінде үш жыл қызмет істеуге міндеттемелер қабылдайды.

1.3 Сенім білдірілген өкіл (агент) өзіне тапсырма шарты негізінде әкімшінің атынан және оның есебінен және оның нұсқауларына сәйкес бюджеттік кредит беруге байланысты белгілі бір тапсырмаларды орындауға міндеттеме қабылдайды.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1 Әкімші:

1) алушыдан осы Келісімге сәйкес өзіне алған міндеттемелерді адал және тиісінше орындауды талап етуге құқылы.

2.2 Әкімші:

1) аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің қаулысы қабылданғаннан кейін он жұмыс күні ішінде және осы Келісім негізінде көтерме жәрдемақысының тағайындалған сомасын алушының жеке есеп шотына аударуға міндетті.

2.3 Алушының:

1) қажетті құжаттарды тапсыру кезінде әлеуметтік қолдау шараларын ерікті түрде таңдауға;

2) үш жылдық мерзім өткенге дейін, өндірістік жағдайларға немесе әкімшіліктің бастамасына байланысты басқа ауылдық елді мекендерге (немесе бір ауылдық елді мекеннің шегінде) жұмысқа ауысқан кезде, қосымша келісім бойынша міндеттемелер қабылдай отырып, алынған әлеуметтік қолдау шараларына құқығын сақтауға құқығы бар.

2.4 Алушы:

1) тұрғын үй сатып алуға/салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын алған күннен бастап 60 жұмыс күні ішінде комиссияның Әкімшіге бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылғаны туралы растау құжаттарын беруге;

2) меншігіне сатып алынған/салынған жылжымайтын мүлікті әділет органдарында тіркегеннен кейін Әкімшіге тұрғын үй құжаттарының түпнұсқаларын алған бюджеттік кредитті толық өтегенге дейін осы Келісімді кемінде үш жыл мерзімге қамтамасыз ету жөніндегі кепіл ретінде беруге;

3) Әкімшіге тоқсан сайын жұмыс орнынан анықтама ұсынуға;

4) жыл сайын Әкімшіге мекенжай анықтамасын ұсынуға;

5) осы Келісімнің шарттары орындалмаған жағдайда әлеуметтік қолдау шаралары ретінде алынған бюджет қаражатын толық көлемде қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті.

2.5 Сенім білдірілген өкілдің (агент):

1) алушымен есеп айырысуды жүргізуге;

2) алушының қаржылық жағдайына мониторинг жүргізуге құқығы бар.

2.6 Сенім білдірілген өкіл (агент):

1) Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкес бюджеттік кредитке қызмет көрсетуге;

2) кредиттік шарт бойынша әлеуметтік қолдау шараларын алған маман міндеттемелерінің орындалуына мониторинг жүргізуге;

3) Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкес осы Келісімнің шарттары орындалмаған және орындаудан бас тартылған жағдайда алушыдан берешекті өндіріп алуды жүзеге асыруға міндетті.

3. Дауларды шешу

3.1 Осы Келісімді орындау кезінде туындауы мүмкін барлық мәселелер мен келіспеушіліктер мүмкіндігіне қарай Тараптардың арасында келіссөздер жолымен шешілетін болады.

3.2 Егер даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен реттелмейтін болса, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешілуге тиіс.

4. Келісімнің қолданылу мерзімі

4.1 Осы Келісім тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

Келісім 20__ жылғы "__" _____ бастап қолданылады.

4.2 Келісім әр тарап үшін бірдей заң күші бар үш данада жасалды.

5. Тараптардың заңды мекенжайлары

Әкімші	Алушы	Сенім білдірілген өкіл (агент)
--------	-------	--------------------------------

_____	_____	_____
_____	_____	_____
_____	_____	_____

	Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету қағидаларына 3-қосымша
	Нысан

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

Ескерту. Қағида 3-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 07.12.2017 № 395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан

Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, _____

облысы _____ ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдігі /

Мемлекеттік корпорация _____ (мекенжайын көрсету керек), Сіздің

мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар

топтамасын толық ұсынбауыңызға байланысты, _____ мемлекеттік

көрсетілетін қызмет үшін құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:

_____;

_____;

Осы қолхат әрбір тарап үшін бір-бірден екі данада құрастырылған.

(Мемлекеттік корпорация жұмыскерінің)

(қолы)

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

(бұдан әрі – Т.А.Ә.)

Орындаушы: Т.А.Ә. _____

Телефон нөмірі _____

Қабылдадым: Т.А.Ә. / қызметті алушының қолы

"__" _____ 20__ ж.